



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

8 тамыз, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboi@yandex.kz

www.syrboi.kz



www.facebook.com/syrboi_kz/



www.instagram.com/syrboi_kz



https://twitter.com/syrboi



t.me/syrboi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

БІРҚАТАР ТАПСЫРМА БЕРДІ

Кеше Мемлекет басшысы Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл Светлана Жақыпова қабылдады.

Кездесу барысында халықтың тұрмыс сапасын арттыру және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін институттық деңгейде жаңғырту мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Светлана Жақыповаға халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының құқықтарына кепілдіктер мен олардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Атап айтқанда, Президент көпбалалы аналар, жалғызбасты аналар және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған аналар секілді әлеуметтік санаттағы топ өкілдерімен проактивті жұмыс істеу, сондай-ақ заңнама аясында олардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуына қатаң бақылау жүргізу қажеттігін айтты.

Президент мүгедектігі бар адамдардың мәселесін шешуге айрықша назар аударып, осы санатқа жататын отандастарымыздың тұрмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін заңнамалық және институттық базаны жетілдіруге қатысты ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

Кездесу соңында Президент ұсынған тәсілдерді тиімді жүзеге асыру үшін Уәкілдік мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуі маңызды екенін атап өтті.

ҮКІМЕТ

ЖАҢА НАРЫҚҚА ЖОЛ

Abu Dhabi Ports компаниясымен бірлескен кәсіпорынды іске қосу Қазақстанға Парсы шығанағы, Таяу Шығыс, Пәкістан, Үндістан және Шығыс Африка жағалауындағы елдер нарықтарына елімізден экспортталған жүктерді жеткізудің ең қысқа тікелей жолын құруға мүмкіндік бермек. Оны құру перспективаларын Қазақстан Премьер-министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин мен Simatech Shipping & Forwarding (ADP тобына кіреді) басшысы Давуд Тафти талқылады.

Негізгі міндет – Қазақстандағы Құрық портынан Парсы шығанағы елдеріне ауыл шаруашылығы тауарларын жеткізу. Жаңа бағыт қазақстандық экспорттаушыларға бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер ашпақ: үш күнде Иран арқылы Әмірабад, Бендер-Аббас, Бендер-Хомейни, Чабхах порттарына, БАӘ-лік Халифа, Фуджейраға және әрі қарай Үндістан, Пәкістан, Қыр Шығыс, Африканың шығыс жағалауындағы барлық портқа жол ашады. Бұл ретте басқа тауарларды еуропа елдеріне жеткізу мүмкіндігі де қарастырылуда.

Кездесу барысында тараптар әрі қарай Парсы шығанағы елдеріне транзит жасауға мүмкіндік беретін Каспий теңізі арқылы Иран Ислам Республикасына жүктерді жеткізу маршруттарының нұсқаларын талқылады. Давуд Тафтидің айтуынша, компания әрқайсысы 7 500 тонна жүк көтеретін 4 кеме сатып алған. Алдағы 2 жыл ішінде компания осындай 10 кемеңі жеткізуді жоспарлап отыр. Еске сала кетейік, 2023 жылғы сәуір айында ҚР Премьер-министрінің Иранға сапары барысында Құрық пен Әмірабад порттары арасындағы тасымалдарды дамыту туралы келісімге қол қойылған болатын.

АУА РАЙЫ

+33°
СЕЙСЕНБІ

+37°
СӘРСЕНБІ

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

БАС ШАҒАРДАҒЫ БАЙЫРҚАЛЫ БАСТАМАЛАР

Уақыт көшінде кейбір саланың дәуірлеу кезеңі болады. Кейінгі екі жылдың бедерінде Қызылорда облысында құрылыстың және сол құрылыс қарқынының аясында абаттандырудың дәуірі туып тұр. Әрине, біткен іске де, басталған іске де сыншы көп. Әйткенмен, аз күндік кедергіні ертеңгі игілік жолында дабыра еткен жараспас. Әңір үшін бұл бастамалар жаңа қадам. Биыл құрылғанына 85 жыл толып отырған облыста оң өзгерістер, байыпты жобалар аз емес.

Сб Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»

Сөз басында айта кетейік, биылғы жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша облыс бюджеті 596,2 млрд теңгеге жетті. Бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 38 пайызға артық. Мұнан бөлек бюджеттен тыс, демеушілер есебінен 30,1 млрд теңге қаржы тартылған. Оған қоса, құрылыс, жол құрылысы компаниялары және кәсіпкерлердің қолдауымен 101, 5 млрд теңгеге 630 жобаның сметалық құжаты әзірленген. Нәтижесінде, 6 ай уақыт ішінде 3,3 млрд теңгеге бюджет қаражаты үнемделген.

Енді осы ауқымды қаражаттың ішінде қарқынды құрылыс алаңына айналған аймақтың бас шаһары – Қызылорда қаласында жүріп жатқан құрылыс жұмыстарының бірқатарын тарқатсақ.



ОРТАЛЫҚ АЛАН ОРТАЛЫҚТЫҢ АЖАРЫНА АЙНАЛАДЫ

Құрылыс ел экономикасы өсімінің басты драйвері деп нық сеніммен айта аламыз. Биыл бұл сала өңірде көлемі жағынан өсу бойынша да лидер атанды. Кез келген мемлекеттің, қоғамның ілгері басыуына оның құрылыс, сәулет саласына қарап баға беруге болады. Құрылыс саласы – қашан да экономиканың негізгі іргетасы екендігі айқын. Сондықтан да, құрылыс саласының дамуы елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік жағдайының артуына тікелей байланысты екені даусыз.

2-бет

БІЛІМ ЖӘНЕ БӘСЕКЕ

ГРАНТ САНЫ КӨБЕЙДІ, САПА АРТА МА?

Биылғы білім гранттарын тағайындау конкурсына 94 мың талапкер құжат тапсырды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 14 мыңға артық. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мәліметінше, биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес халық тығыз қоныстанған батыс және жаңадан құрылған өңірлердің жастары үшін де гранттар бөлінген.

Сб Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»



Атап айтсақ, педагогикалық, инженерлік, IT мамандықтарға және жаратылыстану ғылымдары бойынша Атырау облысына – 1500, Маңғыстау облысына – 1500, Ұлытау облысына – 300, Жетісу облысына – 300, Абай облысына – 500, Шымкент қаласына – 400, Түркістан облысына 500 грант берілді.

Грантқа үміткерлер арасында балдар теңдігі жағдайында басым құқыққа ие болатын 20 мыңға жуық талапкер, олардың ішінде «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары, оқу үздіктері бар. Сондай-ақ, гранттарды үйлестіру ба-рысында әлеуметтік осал санаттағы балалардың квоталары ескерілді.

Дегенмен, мемлекеттік грант конкурсының нәтижесі белгілі болғаннан кейін түрлі пікірлер айтылды. Әсіресе, гранттарды бөлуге қатысты наразылық білдіргендер көп. Желі қолданушылары арасында гранттың машина жасау, кеме құрастыру сияқты игерілмейтін, елде сұраныс аз мамандықтарға көп берілетіні айтылуда.

Мысалы, министрлік мәліметінше, бір гранттық орынға ең үлкен конкурс стоматология мамандығы бойынша болып, бір орынға 22 талапкер таласқан. Әрі қарай халықаралық қатынастар және дипломатияға 14 адам, құқық – 11 адам, музыка мұғалімдерін даярлау, денешынықтыру мұғалімдерін даярлау және психология мамандықтарына 10 адамнан.

Мәселеге қатысты ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек «Телеграм» арнасында бірнеше жыл қатарынан талапкерлер ең көп сұранысқа ие оқыту бағыттары бойынша таңдауды өзгеріссіз жасап жатқанын айтты. Өтініштердің көпшілігі «Педагогикалық ғылымдар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» сияқты бағыттарға берілген.

Мәліметке сай, ең көп таңдалған қала – Алматы, 38 мың бала студенттік шағын өткізу үшін оңтүстік астанамызды таңдаған. Елорданың оқу орындарында оқу үшін 18 мың өтініш

қабылдansa, 6 мың адам Шымкент қаласының университеттерінде оқуға ниет білдірген.

Білім гранттарын тағайындау конкурсының нәтижесіне қатысты Парламент Мәжілісінің депутаты Асхат Аймағамбетов те әлеуметтік желідегі парақшасында жазба қалдырып, білім грантын жеңіп алмағандарға әлі де ақысыз оқуға түсетуе болатынын айтты.

– Біріншіден, игерілмеген бірнеше мың грант қайтадан үйлестіріледі, яғни грант алған талапкерлерден кейін тұрған талапкерлерге ҰБТ-да жинаған ұпай санына сәйкес беріледі. Соны күтуге болады. Екіншіден, әкімдіктердің гранттары бар. Бірнеше мың грант жергілікті бюджеттен бөлінеді. Үшіншіден, «Қазақстан халқына» қорының гранттары тағы бар, – деп жазды А. Аймағамбетов.

Оның айтуынша, кейбір талапкерлер түрлі себеп бойынша жеңіп алған гранттарынан бас тартуы мүмкін.

ЖЕДЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАР

БАЛАБАҚША ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЖАЛАҚЫСЫ АРТАДЫ

Биыл қыркүйекте балабақша педагогтерінің жалақысы 30 пайызға артады. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігі Мектепке дейінгі білім департаментінің директоры Наталья Жұмаділдаева айтты.

– Білім сапасы педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейіне тікелей байланысты. Республиканың мектепке дейінгі ұйымдарында 98 мың педагог жұмыс істейді. Олардың 65,3 мыңының жоғары, ал 31 мыңының техникалық және кәсіптік білімі бар. Ауылдық жерде – 41596, қалалық жерде – 55811, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымда 58203, жекеменшік мектепке дейінгі ұйымда 39714 педагог еңбек етіп жүр. Мемлекет басшысы тәрбиешілердің мәртебесін көтеру, кәсіби әлеуетін арттыру және жалақысын көтеру міндетін қойды. Биыл мектепке дейінгі ұйымдардың 20390 педагогтің біліктілігін арттыру жоспарланған, – деді ол Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында.

Айтуынша, соңғы төрт жылда тәрбиешілердің жалақысы кезең-кезеңімен 25 пайызға өскен. 2023 жылдың қыркүйегінен бастап жалақы тағы 30 пайызға өсетін болады. Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үздік тәжірибелерін тарату үшін 79 мектепке дейінгі ұйымдарда тұрақты негізде «Құзыреттілік орталықтары» жұмыс істейді.

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БАНК КАРТАЛАРЫ

Балаларға банк карталарын ашу олардың қамқоршылары мен қорғаншылары үшін онлайн режимінде қолжетімді болады. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің цифрландыру және автоматтандыру департаменті хабарлады.

– Оқу-ағарту министрлігі ЦДИАӨМ-мен және «ҰАТ» АҚ-мен бірлесіп отырып, қорғаншылар мен қамқоршылардың келісімімен олардың қамқоршылығындағы 18 жасқа толмаған балалар туралы мәліметтерді беру бойынша екінші деңгейлі банктермен интеграциялық қызметті жүзеге асырды. Интеграция қорғаншылар мен қамқоршыларға банктік қызметтерді алу үшін қағаз жүзіндегі анықтамаларсыз, өздерінің мәртебесін онлайн растауға мүмкіндік береді, – деп атап көрсетті Оқу-ағарту вице-министрі Айбат Илиясов.

Бұрын балаға банк картасын тек ата-анасы ғана аша алатын. Енді бұл қызмет қорғаншылар мен қамқоршылар үшін де қолжетімді болады. ҚР Оқу-ағарту министрлігінде мемлекеттік қызметтерді электронды және проактивті форматқа көшіру бойынша жұмыстар жалғасуда.

ЖАҢА ЦЕХ

Арал қаласындағы «Республикалық маңызы бар №1 индустриялық аймақта» орналасқан «Берекет» шаруа қожалығының «Ет және ет өнімдерін өндіру» жобасының жанынан «Тұшпара шығару» цехы іске қосылды.

Заманауи техникалық және санитарлық талаптарға сәйкес келетін кәсіпорында күніне 50 қаптама дайын өнім өндіріліп, 3 жаңа жұмыс орны құрылды. «Арал тұшпарасы» өз тұтынушыларын сапалы өніммен қуантуға дайын.

«СБ» ақпарат



ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ӘЗІРЛІК ПЫСЫҚТАЛДЫ

Сенбі күні ҚР Премьер-министрі Ө.Смайыловтың төрағалығымен Президенттің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штаб отырысы өтті. Министрлер мен өңір әкімдері білім беру нысандарын жаңғырту бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады.

Республикалық штаб отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысының тапсырмаларын іске асыру жөнінде мәжіліс өткізіп, жауапты сала басшыларына бір-қатар тапсырма берді.

Шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда жыл сайын мектептерді заманауи стандарттар бойынша жаңғырту мәселесі күн тәртібіне қойылған. Облыста өткен жылы 47 мектеп жаңғыртылды. Бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 1 564 млн теңге қаржы бөлініп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізіліп, Биыл да 47 мектепті жаңғыртудан өткізуге бекітілген бюджеттен 529,5 млн теңге бөлінді. Барлық жұмыстар жаңа оқу жылына дейін толық аяқталуы керек. Жаңа оқу жылы жоспарлы түрде, еш кедергісіз басталуы тиіс, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, Арал ауданын-

да 7, Қазалыда 7, Қармақшыда 6, Жалағашта 6, Сырдарияда 6, Шиелиде 6, Жаңақорғанда 9 мектеп жаңғыртылмақ. Биылға жоспарланған 47 мектепке ағымдағы жөндеу жүргізу, 24 мектепке пәндік кабинет, көркем әдебиеттер алу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіледі.

Мұнан бөлек, жиында мектептерге қажетті құрал-жабдықтар мен техникалар сатып алу мәселесі қаралды. Мемлекет басшысының 7000 заманауи робототехника, химия, биология, физика, STEM кабинеттерін ашу жөніндегі тапсырмасына сәйкес 2021 жылы 56, бытыр 63 кабинет алынды. Қазір 46 кабинет бойынша жеңімпаздар анықталып, қажетті құрылғылар жеткізіліп, орнатылуда.

Білім беру ұйымдарын қауіпсіздік құралдарымен жабдықтау талабына сай барлық білім



беру ұйымдары бейнебақылау жүйесімен 100% қамтылды. Қала, аудан орталықтарындағы білім беру ұйымдарының бейнебақылау жүйелері жедел басқару орталығына және полицияның кезекші бөлімдеріне қосылған.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша облыстық білім басқармасына мектептерді жаңғырту жұмыстарын жаңа оқу жылына дейін толық аяқтап, пайдалануға берілетін мектептердің ашылуын жоғары деңгейде ұйымдастыру

тапсырылды. Облыстық полиция департаментімен бірлесіп барлық білім беру ұйымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүктелді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Әйткенмен желіде желдей ескен жалған ақпараттар мен түрлі шындыққа жанаспайтын жариялымдар құрылыстармен бастамашы топтың жұмысына кері әсер беретіні анық. Маңдай тер мен келесі келісімдермен қол жеткізген қыруар қаржы өз мақсатында игерілісе, нұр үстіне нұр емес пе! Ал қазына қаржысынан бөлек облыста демеушілердің қолдауымен де жақсы жұмыс атқарылуда. Қызылорда қаласын



БАС ШАҒАРДАҒЫ БАЙЫРҚАЛЫ БАСТАМАЛАР

абаттандыру және көркейту шараларына ерекше мән беріліп отырғанын қаперде ұстайық. Бұл бағыттағы жұмыстар қала тұрғындарына қолайлы жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылуда.

Сондай игілікті істердің бірі – орталық алаңда бастау алды, яғни, «Қызылорда қаласындағы Әйтеке би көшесін Желтоқсан көшесінен А.Байтұрсынұов көшесіне дейін, Ы.Жақаев көшесін Әйтеке би көшесінен Қорқыт ата көшесіне дейін абаттандыру» жобасына орай, мердігер мекеме құрылыс жұмыстарына кірісті. Жоба бойынша субұрпақтары аумағына брусчатқалар, жолжик тастар орнатылады. Жарық диодты шамдар қойылып, газондар, көпжылдық жасыл көшеттер отырғызылады. Сонымен қатар, шағын архитектуралық пішімдемелер орналастырылады. Ы.Жақаев көшесінің Қорқыт ата көшесінен Орталық алаңға дейінгі аралығы да толықтай абаттандырылады.

Жағымды жаңалыққа қала тұрғыны, зейнеткер Ж.Бодашова қуанышын жеткізіп, аналық ризашылығын білдірді.

Каламыз көркейіп келеді. Енді серуендеу үшін қала сыртына сабылмай, орталықта еркін демалатын орындар болады екен. Тас төселген үлкен алаңнан, бізге осындай көркем орындар көптеп керек. Ал көрікті орта – кімкінің де мақтаншы. Халықтың қалауына орай осындай істерді атқарып жатқан азаматтарға алғыс айтамын, – деді бізбен әңгімесінде.



Заманауи кейіпте жаңғыртылатын алаң жаңа жайлы, көңілге қонымды болмақ. Мұнда, әсіресе көпшіліктің алаңсыз демалуына толыққанды жағдай жасалады. Брусчатқалар төселіп, жолжик тастар қойылады. Бұл

балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етпек. Жарық диодты шамдар мен газондар, көпжылдық жасыл көшеттер көз таяттайтын көрікті орынға айналады. Жаңа үлгідегі орындықтар, жарық бағаналары мен балалар ойын алаңы шаһар келбетіне шырай бермек.

Ең маңыздысы құрылысқа қазына қаржысынан бөлек, сәкіпкер Асқар Әубәкіров 1,5 млрд теңгеге қаржылай қолдау көрсеткен. Әлеуметтік желіде ұлардай шулаған базбіреулер «қазынадан бөлінген қаржы» деп білместікпен пікір жазуда. Орталық алаңның жайқалып тұрғанын қалаған азаматтың қаржысы халық игілігі үшін игеріледі.

Ал орталықтағы жиек тастары мен кеспе тастары, төсеуді қажет етілетін өзге де әлеуметтік нысандарға көшіріледі.

ДЕМЕУШІЛЕР ДӘРІПТЕЛУІ КЕРЕК

Өңірде өнімді істер қолға алынған. Себебі жоғарыда қыруар қаржы демеушілер тарапынан келгенін айттық. Бұл – бір. Екіншіден, қазіргі таңда қала «көгілдір отынмен» толық қамтылып, аяқсу мәселесі де ретке келтірілуде. Күннен күнге көркейіп, кемелденіп келе жатқан шаһардың тазалығын сақтау, тиісті сала қызметкерлерінің жұмысын жеңілдету мақсатында арнайы техникалар алынған. Көпқабатты үйлердің қасбетін жаңалау жұмыстары қарқынды жүруде. Бұқаралық спортты дамытып, салауатты ұрпақ



байжай қарамаған азаматтардың туған жерге деген ыстық ықыластарының көрінісі ретінде демеушілердің көмегімен бой көтеріп жатқан әлеуметтік нысандарды неге айтпақпа! Аймақ басшысының бастамасымен облыс орталығында бір мезетте үш ғимараттың іргетасы қаланды. «Неке сарайы», «Өнер орталығы», сонымен қатар, белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен «Анаға тағзым» орталығының құрылысы қарқын алды. Бұл ғимараттар

орталығының да іргетасы қаланды. «Акса энерджи» түрік компаниясымен бірлескен жұмыстар 2025 жылы аяқталып, жаңа нысан ел игілігіне беріледі. Бұл арқылы қала аумағы сапалы жылу және электр энергиясымен толық қамтылатын болады.

ЖОЛДЫҢ ЖАЙЫ ЖАҚСАРАДЫ

Қызылорда облысы жол құрылысы бойынша көптеген өңірден көш ілгері екенін ұмытпау керек.

Халықтың көкейінде жүрген мәселелер ескеріліп, автомобиль жолдары, елді мекенаралық жолдар жөндеуден өтуде. Кезек-кезеңімен жүзеге асып жатқан бұл жұмыстар биыл да жалғасын табуда. Әрине, жол құрылысында кешеуілдеп жатқан жұмыс та бар, бірақ оның жауапкершілігі қатан сұралып отырғаны рас. Жалпы аймақ көлемінде жол жайы жақсарып келеді.

Мәселен, қаланың сол жағалауынан заманауи үлгідегі жаңа автовокзал құрылысы мен

«Қазақстан Темір Жолы» компаниясымен бірлесіп, Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалы ғимаратын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Жақсы жолда жайлы көліктің қатынауы – халық үшін үлкен игілік. Қызылорда қаласының қоғамдық көлік қызметі жақсарып, үлкен сыйымдылықтағы жаңа автобустармен толықтыру бойынша да ауқымды жұмыстар жасалуда. Облыс орталығындағы жолаушылар тасымалдау қызметінің сапасын арттыру мақсатында өткен жылы лизинг арқылы 150 жаңа автобус алынды. Биылғы қоғамдық көлік қызметі мәселесін түбегейлі шешу мақсатында қосымша 150 автобус алу үшін жұмыс белсенді жүрде.

Сонымен қатар, қала орталығындағы Назарбаев, Астана даңғылдары мен Ясауи көшесіне де ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, абаттандырылатын болады. Тұрғындардың

игілігі үшін «Белкөл», «Құлагер» теміржол өткелдері салынуда. Қаланың тек орталық көшелері емес, шет аймақтарында да жолдарды жөндеу, жаңу жүргізушілер жолы сияқты қарқынды жұмысты көзбен көріп жүрміз.

Тағы бір қуанышты жаңалық, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы басты көше жолының «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізімен жанасатын жерінде көлік айрығын салу жобасы таяу арада аяқталады.

Айтпағымыз, облыс орталығындағы байырқалы бастамалар мен ілкімді істерге ел жанашырлары желіде жағадан алып, аяқтан тартпай, салмағын саралап, байыпты ой қалдырса игі емес пе?! Мемлекет басшысы экономиканы одан әрі нығайту, қоғамдық сананы жаңғырту бойынша алдымызға жаңа міндеттер жүктегені белгілі. Бұл ретте, қаланы одан әрі дамытудың басты кепілі азаматтардың, яғни, әрбір тұрғынның табысы мен өмір сапасының жақсаруы – басты міндет. Сондықтан атқарылатын жұмыс толастамайды.

ГРАНТ САНЫ КӨБЕЙДІ, САПА АРТА МА?

Олардың саны да аз болмайды. Бұл гранттар да қайтадан бөлінеді. Депутат колледждерде де грант көптігін, қажет мамандықтар бойынша колледж бітіргендер нарықта тапшы екенін де атап өтті. Жалпы, елімізде ақысыз жоғары білім алуға мүмкіндік көп. Дегенмен, еліміздегі жоғары оқу орындарындағы білім сапасына қатысты мәселелер де әлеуметтік желілерде қызу талқылануда.

Мысалы, әлеуметтік желіде мемлекеттік гранттар санының көптігін сыға алған журналист Ерболат Мұхамеджан жоғары білімде бәсекеңіз жоқтығын айтады. Биыл 94 мың оқушы грантқа тапсырса, бөлінген грант саны 73 мың, яғни, 1 грантқа 1,5 мектеп түлегі таласқан. Оған қоса, мемлекет төлейтін грант құны нарықтық бағадан бірнеше есе төмен.

– Ұлттық университетте грант құны – 1 миллион 300 мың теңге, ал мемлекеттік – 900 мың, жекеменшікке – 700 мың. Айтпақшы, осыдан 3 жыл бұрын 350 мың болып, сол кездегі министр қазіргі сомаға көтерген еді. Ал оқу ақысының өзіндік құны 1-1,5 миллионның арасы. Бұл мәселені жылдам арада шешпесек, керісінше, жоғары білім саласына зиян тигіземіз. Себебі министрлік осындай гранттың құнымен сапалы білімді талап етуі орынсыз, – дейді журналист.

Ерболат Мұхамеджан бұл мәселені шешудің дұрыс жолы бар екенін айтады. Біріншіден, гранттың санын азайтып, артылған сомаға құнын өсіру керек деп санайды. Себебі, жыл сайын гранттың санын өсіргеннен білімнің сапасы жоғарыламайды.

Жалпы, білім саласы жиі сыға алынады. Оған негіз де бар. Саладағы жемқорлық, лицензия дауы арагдік өршіп тұрады. Одан бөлек, көзге көрінбейтін, қолға ілінбейтін проблемалар да шаштөктен. Оқу үрдісінің сапасын арттырмай, білім гранттарының санын көбейту жақсылыққа емес, жаман нәтижеге алып келуі мүмкін екенін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та бұған дейін назарға алып, мемлекеттік гранттардың құны мен оның қазіргі заманға сай не сай еместігін мұқият зерттеуді тапсырған болатын.

Шынында, әр ата-ана балаларының жоғары білім алғанын қалайды. Бұл – орынды тілек. Дегенмен бүгінгі кездегі одан да өзекті мәселе – болашақ түлектің еңбек нарығында суранысқа ие болуы. Бұл үшін жоғары оқу орындарын сапалы біліммен қамтамасыз ету қажет.

1-бет

АПЫР-АЙ, Ә!

ТӨТЕНШЕЛІКТЕР ДАБЫЛ ҚАҒУДА

Облыстың су айдындарында тұрғындардың өртүрлі себептермен қайғылы жағдайға ұшырауы, әсіресе, жаз айларында суға кетіп, қаза болуы өзекті мәселе болып отыр. Биылдың өзінде 26 адам қаза тапқан. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының міндетін атқарушы Жандос Жүгінісов хабардар етті.

Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

– Жыл басынан бері облыс аумағындағы су айдындарында соңы өлімге әкелген 26 оқиға тіркелді. Оның 19-ы ересек адам болса, 7-уі бала. Ал бытыр дәл осындай 30 жағдай тіркелді. Оның 9-ы бала. Тіркелген жайттардың басым бөлігі Сырдария өзені мен үлкенді-кішілі каналдарда болып отыр, – деді ол.

Төтеншеліктердің дабыл қағатынндай-ақ бар. Жыл сайын түсіндірме жұмыстары жүргізілгенмен, оны ескеретіндер аз. Жандос Шаймұлының айтуынша, қауіпсіздік ережелерін ересек бұзу – адамдардың қаза болуының негізгі себебі. Атап айтсақ, қайғылы оқиғалар өзен немесе каналдардың кез келген өрі зерттелмеген, ағысы жылдам, терен, тік жарларда суға түскеннен болып отыр. Оған спирттік ішімдік ішетіндер мен бақылаусыз балаларды қосыңыз.

– Биыл да суға шомылу маусымындағы қауіпсіздік шараларын ертерек қолға алып, адам көп шоғырланған орындарда түсіндірме жұмыстарын жүргіздік. Бұған қоса, рейдтік іс-шараларды да көбейттік. Сол рейдтік жұмыстар барысында 93 адамға ескерту шарасы көрілсе, 1 адамға айыппұл салынды. Ал 2600-ден аса азаматқа ішімдік ішіп және қоғамдық орында масаң күйде жүргені үшін әкімшілік шара көрілді. Бұдан бөлек, балық шаруашылығы инспекциясының қызметкерлерімен бірлесіп, облыс көлемінде профилактикалық жұмыс барысында занысз балық аулағандардың 199 дерегі тіркеліп, оларға 2 млн 115 мың теңге айыппұл салынды, – деді ол.

Суға шомылу маусымында аймақта 4 коммуналдық жағажай жұмыс істеді. Олардың қатарында Шиели ауданындағы «Ақорда», Сырдария ауданындағы «Қалғандария», Қармақшы ауданындағы Мұратбаев және Қазалы ауданындағы «Қашқан су» жағажайы бар.

Айтпақшы, жазғы суға шомылу маусымы басталар тұста жедел құтқару жасағының жүзу құралдары, сүнгүірлік жарактары мен жабдықтарын дайындауға келтірілген. Нақтырақ айтсақ, 69 құтқарушы, 19 автокөлік, 23 жүзу құралы мен 34 сүнгүірлік жарак дайындықтан өткен. Сүнгүір автокөліктер қажетті құтқару құрал-жабдықтарымен, құтқару кеудешелері және шенберімен жарактандырылған.

Өңірдегі 16 тыйым салынған және 63 қауіпті аймаққа 310 ескерту тақтайшасы мен 68 билборд орнатылған.

Брифингте кейбір ата-аналардың бала қауіпсіздігіне немқұрайлы қарайтындығы да айтылды.

– Ата-аналар балаларын көбіне қарасуыз қалдырады. Соның салдарынан көпқабатты тұрғын үйлердің терезелерінен, балқондарынан құлап кету жағдайлары көбейеде. Мәселен, жыл басынан бері балалардың терезеден құлап кетуі бойынша 10 жағдай тіркелді. Балалардың терезеден құлау фактісінің басты себебі, ата-аналардың балаларды бақылаусыз қалдыруы, терезеден уақытша бекіткіш торлардың болмауы, москит торларының берік бекітілмеуінен және балалардың терезе алдында ойнауынан болып отыр, – деді облыстық ТЖД төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің бастығы Бейбітхан Спанов.

ТҮЛҒА



Индылалды. Бақытжан Тұрсынұлы Сенатта жүріп ғылым туралы, педагогтер мәртебесі туралы заңдардың қабылдануына белсенді жұмыс атқарды. Парламент Сенаты депутаты кезінде «Ұлы дала құндылықтарының» тұжырымдамасын жасады. Сол кездегі сөзінде: «Ұлттық құндылықтар азияған сайын адамның рухани бейнесі де өзгереді. Өзгелен гөрі өзі, қоғамнан гөрі жеке отбасының пайдасын ойлайтын рухани жағынан біршама жүдеу, білім жағынан саяздау ұрпақтың көбейгені алаңдатады» деген еді. Бұл – нағыз мемлекетшіл, халықшыл, ел мүддесін қорғаған адамның сөзі.

Бақытжан Тұрсынұлының кеудесіне тағылған, атына қоса айтылатын осындай марапаттары да жетерлік. Солардың ең бастыларын айтсақ, ол – Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Төуелсіз еліміздің «Достық», «Парасат»

ЖІГЕРІ АЛМАСТАН, ЖҮРЕГІ АСЫЛДАН

Халық жалпы қызметінен, атқаратын жұмысынан ғана білетін ат арқасындағы адамдарды жақынан тани түсу – жаныңды таяттып, көкірек көзінді ашады. Олармен сөйлессен сүйсінесің, қатар жүрсен қуат аласың. Осындай жатырқауы жоқ, жарылқауы көп би бейнелі көшбасшы, бойына жиган күшін де, білімін де еліне арнаған ерөн тұлға, қазаққа етене таныс есім – Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов.

Мен Бақытжан ағаны 1980-жылдардан бастап білемін. Естелікке айнала бастаған студент кезімде ол кісі Қазақ мемлекеттік университетінде комсомол комитетінің бірінші хатшысы еді. Ол кезде «төраға» сөзі қолданыла бермейді. Комсомол хатшысы десе, студенттердің кез келген мәселесі шешілетін. Оған күрмет те, міндет те көп. Араға көп жыл салып Бақытжан ағамен қызмет бабында араласа бастадым. Ол кісі де, мен де білім саласында еңбек еттік. Кейін екеуміз де ҚР Парламенті Сенатының депутаты болдық. Мен сонда ағаның сонау бір кездегі жанындағы жастық шағын елестеттім. Уақыт сымдай тартылған сымбатын алса да, сынын алмапты. Сол баяғыдай еңбекшіл, әжілді, әрекетшіл, жан-жағына шуағын шашқан зият жанды көрдім.

Көп оқиды, болдым, тоғдым деу жоқ. Өзіне қай кезде уақыт арнайды, үнемі іс үстінде жүреді. Ғылым докторы, академик болса да, әлі шакирт секілді ізденеді. Бейнелеп айтқанда, ақылдың ауырын арқалап, білімнің тереңін кешіп жүрген адамның мұндай әрекеті еріксіз тандандырады.

«Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім, судан терең дегенім – оқу-ғылым» депті Балаби бабамыз. Бақытжан ағада осының екеуі де толық. Тәрбиемен тіктелген болмыс тегіне тартады. Бақытжан ағаның әкесі Тұрсын Жұмағұловы – Отан қорғаған жауынгер, әулеттің ғана емес, аймақтың ақылшысына айналған адам. Анасы Кенжетай апамыз ұзақ жыл кітапханашы болған. Мәдениет саласының еңбек сіңірген қызметкері. Мәңгіше, ол кісі балаларына рухани байлықты да, игілікті де кітап бетінен теріп алуға болатынын ерте түсіндіре білген сияқты. Оған Бақытжан ағаның қазақ әдебиетінен әрі әлемдік классиктердің еңбектерінен де мол хабары бар екендігі, жан-жақтылығы дәлел.

Адамзат баласының бойына біткен адами қасиеттердің ішіндегі ең шоқтығы биігі – парасат деп білемін. Парасат – табиғаттың адам баласына деген үлкен сыйы. Оның талант пен тұма дарынды толық пайдалану жұмысауға үлкен септігін тигізетініне дау жоқ. Бойындағы осындай тұма қасиеттері, терең білімі, қос тілге жүйрік шешендігі, мәселені бейбіт түрде шешуді қалайтын мәмілегерлігі бар Бақытжан Тұрсынұлы тәуелсіздігімізді баянды ету жолында не керек болса соның бәрін жасап келеді. Біліммен қоса білік деген, азаматтықпен қоса кісілік деген де ұғым бар. Халық соңғы екеуін алдының екеуінен кем қадірлемейді. Өз басыңды қүйттегенде қайсысына жүгіну өз еркің, ал ел мүддесін қүйттегенде төртеуіне жүгіну шарт. Бақытжан Тұрсынұлы осыны терең түсініп, қапысыз меңгергендіктен де саясатқа келген ғалым. Әйтпесе, кеудемсоқ білім мен беттен тырнап жағаға жармасқан әлеуметтік аусарлық қай заманда да халықтың сорын көбейтпесе, бағын асырған емес. Сондықтан болар, Бәкең шаңырақ артқан сары атандай орнықты мінезі мен тұрлауды бағытынан бір сөз ауытқыған емес. Оның мұндай азаматтық тұрлаулығы ғылыми ке-

мелдігінен өрбіп жатқандығы күмәнсіз, отандық ғылым саласын бағытын айқындап, заңдық жағынан қолғабыс жасауға күш-жігерін түгел сарп етіп келеді.

Бақытжан Жұмағұлов – техника ғылымдарының докторы, профессор, академик. Халықаралық инженерлер академиясының, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі.

Гидродинамика, мұнай-газ саласының практикалық мәселелерін шешуде қолданбалы және есептеуші математика, ақпараттық технологияларды әзірлеу, оны қолдану, математикалық модельдеу, математикалық әдістер саласындағы көрнекті ғалым. Жыпырмаға жуық ғылым докторы мен кандидаттың дайындаған жетекшісі ұстаз. «Жұмағұловтың мектебінен шыққанбыз» дейтін мамандар жер-жерден көп кездеседі.

Қазақстанда және шетелдерде жарияланған 430-дан астам ғылыми жұмыстың және 15 монографияның авторы.

2001-2005 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің бірінші вице-министрі, ҚР Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, ҚР Үкіметінің Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі болып қызмет жасады. ҚР Президенті жанындағы әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссиясының мүшесі.

2007 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты және Мәжіліс төрағасының орынбасары болды. 2008 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры болып бекіді. Дәл осы жылдары ҚазМУ-дың материалдық-техникалық базасы тоза бастаған еді. Оқу орнындағы қызметтің барлық саласы жаңартылды. Университет қалашығы екінің кезегінің құрылысы бітпей тұрған болатын. Оқу ғимараттары, бірнеше жатақхана салынды, Студенттер сарайы, бірегей мұражай, басқа да нысандар пайдалануға берілді.

Халықаралық стандарттар бойынша оқу процесін жаңғырта отырып, әлемдік рейтингке кіру бойынша кешенді жұмыстар жүргізіліп, бірегей электрондық университет жүйесінің құрылуына ректор Бақытжан Жұмағұловтың сіңірген еңбегі ерен.

2010 жылы Бақытжан Тұрсынұлы ҚР Білім және ғылым министрлігін басқарды. Бұл жауапты жұмыста да ол маңызды шешімдер қабылдай білді. Білім бағдарламаларын жасады. Ғылым саласына грант бөлуге көп еңбек сіңірді. Еліміздің ғылым-білім саласы педагогтарын даярлаудағы және мектепке дейінгі тәрбиедегі мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктен бастап, жоғары мектептегі білім беруді жаңғырту, ғылымды басқарудың жаңа моделін құру секілді ондаған қиындықтармен жолын ашады енгізді. Кейіндеу іс жүзіне асқан білім саласының көптеген игі, тиімді тұжырымдарының құжаттарын қолынан өткізді.

2017 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен ҚР Парламенті Сенатының депутаты болып таға

ордендерінің және Ислам елдері инженерлік федерациясының «Инженерлік даңқ» орденінің иегері.

Алматы облысының және Ақсу ауданының құрметті азаматы. Осыншама атақ-мансаптың қаншама маңдай терін төккен еңбекпен келгені анық. Ол еңбектің бәрін аз сөзге сыйдыра алмасымыз тағы анық.

«Жақсының жақсылығын айт – мерейі тасысын» дейді халқымыз. Құлағымыз үйреніп кеткен сөз болған соң, астарына көп үйіле бермейміз. Осы бір ауыз сөзде екі адамның өзара ризалығын басқа да сыр көп, мұнан жан-жағына шапағат төгіп жүретін адамның саф бейнесі көрінеді.

Мен дәл сондай шапағатшыл жақсылар қатарындағы Бақытжан ағаны танымын. Өзегінің мұң-мүк-тажын өзінкідей қабылдайтын бұл жанның адамшылдығы, үлкенге құрметі, кішіге ілтипағы, достықты қалдырмай қайырды. Бір жылдары өзі министр болып тұрғанда өзіне дейін осы орында қызмет еткен үлкен кісілер келетін. Сонда министрдің ғимараттың жоғары қабатынан төменге түсіп, келгендердің алдынан шығып, олардың өтініш-тілектерін мүмкіндігінше орындап жіберетіндігін естігенде, іштей айналамыздан осындай басшы іздеп көрдік...

Өзім қақты білетін бір жайтты айтайын. Бақытжан аға мен марқұм Темірхан Досмұханбетов екеуі өте жақын дос болатын. Кезінде ол да ҚазМУ-да дене тәрбиесінен дәріс берген. Ұлттық олимпиадалық комитеттің президенті болған белгілі тұлға. Сол кісі науқастың калғанда Бақытжан ағамыз Алматыға қайта қайта ұшып барып тұрды. Түркиядан ем алғанда ол жаққа да ұшып барды. Қазір Ыбырай атамыз айтқан «жылдам хабар алғызған» заман, бірақ ағамыз телефонмен хал сұрауды достықтың ісі деп білмеді. Шынын айтқанда, ағамыздың достыққа деген адалдығы алып ұшты. Сол достық қайтса болғанда тұғанынан айырылғандай қайырды. «Бір дос бар – кеуденнен жан шыққанша» деген сөздің үлгісін паш етті.

Мен риясыз айтпақ болған Бақытжан аға міне, осындай жүрегі асылдан жаралған жайсаң.

Бауырлары да ғылым жолын ұстаған, білімдер әулетінде ұш ғылым докторы, бір ғылым кандидаты бар. Сирек кездесетін жайт. Ағамыздың зайыбы Валентина женгей – педагогика ғылымдарының докторы. Ұлы басқа болса да қазақ әйеліне тән барлық ғырпыты ұстанады. Қазақтың салтын құрметтейді. Бұл үйге барған адам отанасының қонақшылығын, қолынан татқан ұлттық дәмдерін ұмытпайды. Ағамыздың абырой-белендіге тамағын да, қабағын да тәттіліп тұратын женгейдің айрықша үлесі бар. Мұндай отбасынан тәлім алған ұрпақтың ұжданды, елжанды болып шығуы заңды.

Өмір қанша жасағанымен емес, қалай сүргенімен бағалы дейді, Бақытжан ағамыз – атына сай еңбегімен де, болмысымен де бақытты өмір іесі болып отырған жан. Ұлттың сүюдін, халқына қызмет етудің онегесіне айналған өр тұлға. Осындай өткен менен ертенге бірдей қызмет еткен ғұлама ғалым, көрнекті саяси қайраткер, елжанды азамат біздердің ғана емес, келешек ұрпақтың да терең құрметіне өбден лайық.

Мұрат БАКТИЯРҰЛЫ, саяси ғылымдар докторы, профессор, Қызылорда облысының құрметті азаматы

«Оспан көпірі» аталғанына да жүз жылдан асып кеткен және оны салғандар жайлы көпшілік біле бермейді. Сондықтан қысқаша мақалам «Оспан көпірі» және оны салдыртқан Оспан жайлы болмақ.

Сыр бойындағы Ақмешіт маңында тұратындардың басым көпшілігі жазда жайлауда Торғай мен Қостанай (Арқа) жағында болып, қыста Сырдарияның жағалауындағы ауылдар, Ақмешіт өңірін қыстаған. Бұл туралы ауызша, жазбаша деректер көп-ақ.

Жайлау жолын нақтыласақ, «Оспан көпірі» мен Арысқұм, Сарысу, Телікөл, Қызылжыңғыл, «Қыздың шұбары» атты, тіпті одан асып Бұланты, Білеуті өзендеріне дейін барып жайлаған.

«Нәнсай» мен «Көксу» өзеншелері көктем мен күзде жайлауға шығушыларға қиыншылық келтіретін болған. Одан шығудың бір жолы – Көксудың Бесарнаға қосылған жерінен көпір салу керек деп шешеді. Ел ақсақалдары бас қосып, көптен бері өздерімен аралас-құралас болып жүрген орыс-қазақ Афанасқа қолқа салып, көпір салуды қолға алуды және оған көмекшілікке «пысық жігіт» атанған, кедей болса да ұйымдастырушылық қабілеті бар Оспанды береді. Оспанның бұл кезде суармаға тары егіп, одан мол өнім алып, жұртшылықтың көзіне түсе бастаған уақыты. Оспан бастап, жұртшылық қолдап дегендей көпірді салып бітіреді. Халық асарлап алдымен Қарабурамен буып, кейін ағаш бөренелерді салады. Өуелде орыс-қазақ жігіті Афанас көмектеседі. Өйткені ол Оспанның тамыр-сүргейі болатын.

Бұл – 1916 жыл. Көнекөз қариялардың айтуынша, Нәнсайдағы көпір 1916-1932 жыл арасында екі рет жөнделіпті.

Жергілікті белсенділердің құдалауымен Оспан тоқалымен кезің Құмкөл маңына, кейін Қызылорданың Ош облысына жер аударылған деседі. Ел бұрын «Тағай көпірі» аталған көпірді Оспанның еңбегін ескеріп, 1932 жылдан «Оспан көпірі» атандырады. Осы көпірден жайлауға көшері тұста 100 мың қой, басқа да ірі қара малы өтетін болған. Сонымен қатар, 1939-1940 жылдарда елге келген «2п5» тракторына шидас бермей, бузыла бастайды. Оны 1944 жылы Қызылорда



облыстық жол жөндеу бөлімі қарамағына алып, басына қарауыл қояды. Көпір күрделі жөндеуден кейін қайта жұмыс істей бастаған. 1960-1970 жылдарда бұл көпірдің орнына жаңа жоламамен көліктерге шыдас беретін көпір салынады. Онымен Жезқазған мен Қызылорда қатынасы тоқтаған емес.

Менен бұрын «Оспан көпірі» жайлы белгілі ұстаз, әдебиетші Мәдиәлі Қиқбаев, көне әңгімелерді көп білетін Қариялар – Орынбасар Оразбаев, Камал Бердәулетов аз-кем дерек қалдырған. Осылардың ішінде Мәдиәлі Қиқбаевтың (1913-1983) жазғандары нақтырақ секілді. Ол Оспанның әкесі Сұңқарбай, Қосшынырау ауылының тұрғыны екенін де нақтылаған.

Ауызша шежіреде Оспанды Айтұған баласы Іңкәрбайдан туғызды. Ал Перовск уезі Царск облысының №3 ауылындағы Тағай руы адамдарының қыстауын тізген (1868) құжатта бірінші болып жазылған Сұңқарбай Байтуғанов. Олай болса, Оспанның әкесі Сұңқарбай, атасы Байтуған болар. Мәнінше, Байтуған мен Айтұған бірге туысқан адамдар.

Оқырмандарға түсінікті болу үшін М.Қиқбаевтың 1949 жылы жазған мақаласынан үзінді келтірейін: «... Бір кезде Ақмешіт пен Арқа жолын қысқарту үшін Бесарнаға көпір (1916) салынған. Оған мұрындық кейіпкердің біріне Оспанды алған сияқты. Көркем дүние болғанмен кейбір жазбаларындағы сөйлемдер, біз жазып отырған Оспанды ұқсайды. Оны Шолпан Жанболтақызының мына өлең жолдарынан аңғаруға болады».

Нағи Илиясовпен дос-жар, сырлас болыпты. Накеңнің көп адамдармен сыйлас болып бермейтінін білеміз. Олай болса Оспанның кеңізе баласын өзіне тең санаған.

Тағайлық Орынбасар Оразбаев өз жазбаларында 1931 жылы Оспанның әуелде «Доньызға, кейіннен Қызылорданың Ош облысына жер аударылғанын айтады. Алайда 1928-1933 жылдардағы қуғын-сүргінге арналған кітаптарда ол туралы мәлімет кездестірмедім. Мүмкін «шолақ белсенділердің» әрекетіне шыдамай өзі кеткен болар.

Тағайлық Сейітмұрат Қажымұратұлы Есжанов Оспан жайлы білетіндерімен бөлісті. Оның айтуынша, Оспан кіші әйелі (тоқалы) Айғаныммен елден ауып, бәйбішесі Қойсыға балаларын аманаттап кеткен. Сол балалары кезінде оқып-білім алып, 1941-1945 жылдардағы алапат соғыстан елге аман оралып, қолхоз, кеңес ұйымдарында бастылық қызмет атқарған тұлғалы азаматтар болғанын еске алды.

Сейітмұрат інім Оспанның үлкен баласы Әбдібектің «Оспан көпірі» барып, отбасымен түскен суретін де жіберіпті. Оған көп-көп рахмет айтамын.

Оспанмен бірі ауылда тұрып, аралас-құралас болған Айтбай Хангелдин өзінің «Қараторғай» (Шолпан) романындағы негізгі кейіпкердің біріне Оспанды алған сияқты. Көркем дүние болғанмен кейбір жазбаларындағы сөйлемдер, біз жазып отырған Оспанды ұқсайды. Оны Шолпан Жанболтақызының мына өлең жолдарынан аңғаруға болады.

«... Әуелі, Оспан аға, алғыс саған, Хабардар жан екенсің әр ұқсасдан. Болса да қолың қысқа, ақылдың абзал, Басшы қып, жора-жолдас алға ұстаған», –

деуінде көп мән жатыр. Шолпаннан Оспан үлкен болса, онда ол 1875-1877 жылдары туған. Қайтыс болған жылы, жері белгісіз.

Ауызекі әңгімелерде Оспанның 1910-1913 жылдарда болып болғаны айтылады. Әзірге мұндай деректі кездестіре алмадық. Мүмкін тағайлықтардың бір ауылына би (ауылы) болған сияқты.

Айтпақшы, жазушы Айтбай Хангелдин Ақмешіт маңында Оспандардың көп болғанын: «Ұзын Оспан», «Көпір Оспан», «Бұзық Оспан» деп аталатынын хабарлар еткен. Ел аузында Оспанның көзінің өткірлігіне орай, оны «Көз Оспан» атандырыпты. Мүмкін романдағы «Көз Оспан» да осы біздің кейіпкер болар. Бір төбелесте көзі шығыпты. Мүмкін, бәрі де мүмкін.

1868 жылғы архивтік құжатта: Сұңқарбай Байтуғанов, Қалыбай Бекше және тағы басқалардың «Бесарна», «Ризық арал», «Талдыарал» бойын қыстап отырғанын жазған.

Қалай болғанда да, Оспан атты азаматтың халықтық игілікті істердің басы-қасында болуы, Сыр мен Арқаға жол ашып көпірді салуы үлкен іс.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ, Қазақстан Жазушылар, Журналистер одағының мүшесі, зерттеуші

ОҚЫС ОҚИҒА

ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ...

Облыстық полиция департаментінің хабарлауынша, 7 тамызда Қармақшы ауданындағы полиция бөліміне Тұрмағанбет ауылының тұрғынынан 7 жастағы қызының жоғалғандығы туралы хабарлама түскен. Әкесінің айтуы бойынша, 6 тамыз күні кешкі уақытта үйінен шығып кетіп, қайта оралмаған.

Хабарлама түскен сәттен бастап полиция қызметкерлері дереу іздеу жұмыстарына кіріскен. Оған Қармақшы аудандық полиция бөлімінің жеке құрамы, ТЖД, аудан әкімдігінің қызметкерлері, еріктілер, жалпы 60-тан астам адам жұмылдырылған. Сондай-ақ қызды табу мақсатында екі дрон пайдаланылған.

Іздеу шаралары нәтижесінде өкі-

нішке орай 7 тамыз күні түс мезгілінде «Убіс» каналынан жасөспірімнің денесі табылған.

«Алдын ала мәліметтерге сәйкес, қыз каналға суға батып кеткен. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде. Тиісті сараптамалар тағайындалды», – делінген облыстық полиция департаменті хабарламасында.

Қауіп қайдан демейсіз. Қазір жаз мезгілі болғандықтан балалардың су айдындарына баруы осындай қауіпке жағдайға ұшырап жатады. Сондықтан балаға бақылауды күшейту керек. Бұл ең алдымен ата-ана жауапкершілігі екенін ескеру маңызды.

«СБ» ақпарат

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ «Майбұлақ көл орнын игеру жобасы» жобалық құжаттың «Қоршаған ортаға әсерін бағалау жобасы» бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау: 14.09.2023 жылы сағат 12:30-да Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №2 «а» мекен-жайында өтеді.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Конференция идентификаторы: 893 7917 2325

Кіру коды: 759421

Бастамасы: «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, БСН 94054000210

Әкілі: Адранов Азамат Алматы облысының Жосалы ауданы, Жосалы кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №2 «а» мекен-жайындағы пошта/е-mail: Azamat.Adranov@retrokazakhstan.com.

Жобаны әзірлеуші: «OPTIMUM» Жобалау институты ЖШС, БСН 000740000123

Әкілі: Қарайдарова Айнуір, Мұтанова Гүлсім

Байланыстар: тел: 8-775-815-85-55, Электрондық пошта/e-mail: akaraidarova@orm.kz; gmutanova@orm.kz

Порталға сілтеме: https://ecorportal.kz/Public/PubHearings

Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты келесі электронды пошта және номер арқылы алуға болады: 8 (7242) 27-68-68, ішкі номері: 98-91, Электрондық пошта/e-mail: Azamat.Adranov@retrokazakhstan.com.

Ескертулер мен ұсыныстар Порталда немесе Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасына тыңдалу басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: prd@korda.gov.kz. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, байланыс телефон: 8(7242) 60-53-69.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА – 85 ЖЫЛ

1967 жыл облысымыз үшін тарихи маңызға толы жылдардың бірі болды. Осы жылы 21 тамызда Қызылорда облысы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен облыс еңбекшілерінің шаруашылық және мәдени құрылыстағы жетістіктері үшін «Ленин» орденімен наградталды. Бұл Қызылорда күршілер мен малшылардың, химиктер мен теміржолшылардың, құрылысшылар мен балықшылардың, су мамандары мен автомобильстердің, бір сөзбен айтқанда, жұмысшылар мен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің, интелленгенция еңбектерінің жоғары бағалануы еді.

ОБЛЫС ТУЫНДАҒЫ ТАРИХИ ОРДЕН



КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен Қызылорда облысына Ленин орденімен марапаттау туралы, 1967 ж.

Қызылорда ет комбинатының іске қосылуы да облыс өнеркәсібінің ірі жетістігі болды. Шетелдік жабдықтармен жарақталған жаңа ет комбинатының іске қосылуы өндіріс саласын механикаландыруды жеделдетті.

Ал облыс өнеркәсібінің алыбы – целлюлоза-картон комбинатының салынуы аймақ өнеркәсібі дамуының серпінді қадамы болды. Жартылай целлюлоза пісіріп шығаратын целлюлоза қауызының алғашқы пісірілуі 1964 жылы 5 қарашада алынды. Бұл Қызылорда облысының халқы, бүкіл комбинат ұжымы үшін мерекелі күнге айналды. Осылайша, Қазақстан қағаз өнеркәсібінің



Даңқты оқиғаға байланысты барлық жерлерде – кәсіпорындарда, әрбір колхоз бен совхозда, алыстағы мал жайылым жерлерде, балық аулау кәсіпшіліктерінде Отан иілігі үшін өздерінің күш-жігерін жұмсаған облыс еңбеккерлерінің қарапайым еңбектерін жоғары бағалағаны үшін Коммунистік партияның орталық комитетіне, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумына және Кеңес үкіметіне алғыс сезімнің білдіру мақсатында митингтер мен жиналыстар өткізілді.

Кеңес үкіметі жылдарында Қызылорда облысы алып адиммен ілгері басты. Химия кәсіпорындары, бағыр аяқ-қим, тігін-тоқыма, полиграфия, металл өңдеу, жеңіл және тамақ өнеркәсіп орындары құрылды. Облыста еліміздегі ірі «Аралсульфат» комбинаты жұмыс істеді. Жоғары механикаландырылған кәсіпорын орнады, ол тәулік сайын 50 вагоннан астам қалталған тұз шығарды.

Теміржол транспорты облыс халқы шаруашылығының маңызды және ірі салаларының бірі болды. Облыстың теміржолшылары жыл сайын халық шаруашылығы жүктерін тасымалдауды ұлғайтты, еңбек өнімділігін арттырды.

Арал бассейнінде шоғырланған балық өнеркәсібі облыстың өнеркәсібінен елеулі үлес алды. Мұнда үш мыңнан астам балықшы, 500 инженер-техник қызметкерлер еңбек етті. Арал балықшылары жыл сайын елімізге тонналарға балық өнімдерін жіберіп отырды.

Құрылыс индустриясы кең өріс алды. «Риссовхозстрой», «Қызылордасельстрой», «Қызылордаводстрой», «Қызылордадстрой» тресттері 1966 жылы 27 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға берді.

тұңғыш целлюлоза-картон комбинаты іске қосылып, бағалы өнім ретінде қатырма қағаз қораптарын шығара бастады.

Күрделі құрылыс, суландыру жүйелерін дамыту өрістетілді. Көптеген гидротехникалық құрылыстар салынды, үш мың шақырым суландыру каналдары пайдалануға берілді. 1940 жылы салына бастаған «Қызылорда» су торабының құрылысы 1945 жылы қайта басталды. Ұзындығы 200 шақырымнан астам Солжаға басқарманың бірінші кезегі пайдалануға беріліп, суландырылған жер көлемі жедел өсті.

Қызылорда аймағы еліміздің аса ірі күрші ететін облыстардың біріне айналды. Жоғары сапалылығымен көзге түсетін товарлы күршінің бестен бір бөлігін беретін аса ірі өлке болды.

Облыстың ауыл шаруашылығының бейнесі танымалды өзгерді. Егіспен қатар облыста мал шаруашылығы іргелі, басты кәсіп болып келді. Колхоздар мен совхоздар жоғары механикаландырылған шаруашылықтарға айналды.

Мұның өзі күршітті, етті, жүнді, қаракөл елтірілерін және басқа мал шаруашылығы өнімдерін барған сайын көп өндіруге мүмкіндік берді.

Халық шаруашылығы мен мәдениетті өркендетуде күрделі табыстарға қол жетіп, өнеркәсіп еңбеккерлері жалпы өнім шығарудың жарты бөлігін өндіруге бейнесі танымалды өзгерді.

Үкіметтің жоғары наградалы Қызылорда облысының еңбекшілерін еңбекте жаңа ерліктерге жетуге жігерлендіретін түсті. Үлкен награда зор міндеттер жүктелді.

Облыстық архив қорынан

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

ЖӘРМЕҢКЕ: БАЗАР БАҒАСЫНАН ТӨМЕН



Жаңа оқу жылы қарсаңында жылдағы дәстүр бойынша «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы бастау алды. Аталған акция 5-30 тамыз аралығында өтеді.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бастамасымен мектеп формасына арналған ауқымды жәрмеңке Қорқыт ата көшесі бойындағы «Small» сауда орталығында ұйымдастырылды.

Жәрмеңкеге келушілер қарасы мол көрінді. Жәрмеңкеге жергілікті «Ас-Ка», «Ақжүрек» мүгедектер қоғамы, «Бибі-Айша», «Zere», «Бак-Ару» тігін цехы және басқа кәсіпкерлер өз өнімдерін ұсынады.

Жәрмеңкеде мектеп

Т.ШАЙДУЛЛАУЛЫ

ӘРІПТЕС ӘЛЕМИ

Биыл жерлесіміз, жазушы-сатирик, Шиелі ауданының Құрметті азаматы, «Ақпарат саласының үздігі», облыстық «Сыр бойы» газетінің ардагері Нұрмахан Елтай 70 жаста. Бұған дейін 20-ға жуық кітаптың авторы атанған қаламгердің журналистика мен әдебиет саласына қосқан үлесі мол.



Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

ЖЕТПІС және ЖАҢА КІТАП

Ал өткен жексенбіде жазушының тағы бір жаңа туындысы оқырманға жол тартты. «Қандөз – құт мекенім» деп аталатын құнды дүниені автор өз туған ауылына арнаған. Сондай-ақ кітаптың ең алғашқы тұсаукесері де Жаңақорған ауданындағы Қандөз ауылында өтті.

Тағлымды іс-шарада аудандық мәслихат төрағасы Ғалымжан Сопбеков жазушыны мерейтойымен құттықтап, жаңа кітаптың жарық көруіне өз тілектерін білдірді.

Қадірлі жерлестер! Шағын ауылда өтіп жатқан шарамыздың шын мәнінде мазмұны бай. Өйткені, осында туып, елге қаламымен қызмет еткен, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Нұрмахан Елтай ағамыз туған жеріне, туған еліне арнап жазған «Қандөз – құт мекенім» атты кітаптың таныстырылымына жиналып отырмыз. Әрине, Нұрмахан Назымханұлы бұған дейін де бірнеше кітап жазып, ел руханиятына өз үлесін қосты. Әрі ол еңбек ақталып, талай марапат төрінен көрінді. Бүгінгі күні 70 жасқа келген жазушы ағамыз алдымымен туған жеріне тәу етіп, туындысының тұсаукесерін осында өткізуге – ауылына деген шексіз құрметтің белгісі. Бұл – бізге де, артымыздағы өскелең ұрпаққа да үлгі, – деді ол.

Сондай-ақ Ғалымжан Жарқыбекулы жаңа кітапқа қысқаша шолу жасап, ондағы құндылықтарға тоқталды. Сонымен қатар, аудан әкімі Мұрат Тілеумбетовтің құттықтау хатын оқып беріп, жазушыға арнайы табыстады.

Бірнеше сатиралық, публицистикалық және деректі кітап-

тардың авторы Нұрмахан Елтайдың аталған еңбегі төрт бөлімнен тұрады. Бірінші «Алтын бесік – ауылым» бөлімінде ел мен жер тарихы, онда туған азаматтардың өмір жолы баяндалса, екінші «Өткен жылдар бедері» деп аталатын бөлімде 70-80-ші жылдардағы ауыл адамдарының қоғам жұмысына атсалысуы, сол уақыттағы елдің тыныс-тіршілігі шынайы бейнеленген. «Құмдағы тіршілік» атты бөлімде «Қызылқұмды» игеру барысындағы ауыл шаруашылығы мамандарының, малыш қауымының, механизаторлардың ерен еңбектері жазылған. Ал соңғы бөлім «Қандөздіктер қалжыңы» деп аталыпты. Аты айтып тұрғандай, осы ауыл айтқыштарының тауып айтқан әзілдері топтастырылған.

Жаңа туындының тұсаукесерінде Шиелі және Жаңақорған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағалары, жазушының әріптестері мен жерлестері сөз сөйлеп, құрметін білдірді. Нұрмахан Елтайдың шакірті, ақын Асқар Дүнісенбі өлең оқып, ҚР Мәдениет қайраткері, журналист Ерубай Қалдыбек, аудандық «Жаңақорған тынысы» және «Өскен өңір» газетінің бас редакторлары Баян Усейінова мен Нұрболат Пірімбет қаламгер жайлы кеңірек тоқталып, шығармашылығынан құнды мысалдар айтты.

Аудандық А.Сопбеков атындағы кітапхана қызметкерлері жазушы жайлы көрмемен таныстырды. Ал жиын соңында қаламгер жерлестеріне өз алғысын білдіріп, аудандық және бірнеше ауылдық кітапханаға жаңа туындысын тарту етті.

БОРЫШ

ӘСКЕРИ АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде әскери дайындық бағдарламасынан өтіп, жазғы оқу-жаттығу жиынын аяқтаған студенттер әскери ант қабылдады.

Шара барысында ректордың міндетін атқарушы – Стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор Нұрлан Оразбаев әскери ант қабылдау маңызы зор құқықтық және саяси-тәрбиелік шара екенін атап өтті.

Ал І оқу взводының командирі, студент Әлілет Темірбеков әскери білім мен дағдыға ие болғанын және болашақта запастағы лейтенант әскери атағын алуға мүмкіндік алғанын қуана жеткізді.

Әскери кафедрада екі жылға жуық уақыт білім алды. Осы уақыт ішінде жауынгерлік атыс жаттығулары мен техниканы жүргізу бойынша практикалық жаттығулардан өттік. Сондай-ақ, тактикалық жаттығу, дене дайындығы бойынша нормативтер орындалды.

Оқу-жаттығу алаңында болып, әскери шеберлікті шыңдалдық, – деді ол.

Айта кетейік, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрамындағы әскери кафедра 2000 жылы құрылды. Кафедра ҚР Қарулы Күштерінің офицерлік және сержанттық лауазымдарын жасақтау мақсатында білім алушылар қатарынан әскери оқытылған резервті дайындап келеді. Осы уақыт аралығында 3 мыңға жуық студент әскери дайындық курсынан бітіріп шықты.

Салтанатты шаралда белсенділігімен көзге түскен білім алушыларға алғыс хат табысталды. Сондай-ақ, әскери кафедраның жеке құрамы салтанатты маршпен өтіп, взвод, рота әндері шырқалды.

«СБ» ақпарат

ЕЛ ЕРТЕҢІ – ЖАС САРБАЗ

Кеше «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері ант қабылдау рәсімін өткізді. Облыстық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен өткен шарада 15 жас сарбаз әскери ант қабылдап, патриоттық қозғалыстың мүшесі атанды.

Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

Ағу city mall ойын-сауық кешенінде өткен салтанатты шараға жұртшылық көп жиналды. Бұған қоса өңірдің қорғаныс істері жөніндегі департаменттің өкілдері мен ардагерлері де келді. Алғы сөз облыстық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Талғат Тілес пен Қарулы күштер ардагерлерінің қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Мыңділдә Ршауоққа берілді. Өз кезегінде олар жас сарбаздарға ыстық лебізін білдіріп, ант қабылдауларымен құттықтады.

Сонымен қатар жиында Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі департаментінің өкілдері жасөспірім арасында, әскери оқу орындары және болашақ офицерлік қызметтер жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Оқушылар мен жастар арасында әскери-патриоттық тәрбиені күшейтеу мақсатында Қорғаныс министрлігі 2019 жылы «Жас сарбаз» республикалық балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қоғамдық қозғалысының өңірлік филиалдарын құру туралы шешім қабылдаған болатын. Содан бері қоғамдық бірлестік жастар арасында патриотизмді дамытуға үлес қосып келеді. Қазір оның құрамында 12 мыңға жуық жас сарбаз тіркелген.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Menşik іесі СЫР МЕДИЯ жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күші №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Кезекші редактор Мадияр ТӨЛЕУ